

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ситуации вполне справедливо замечание И. А. Покровского: «Принцип договорной свободы, таким образом, закрепляет несвободу экономическую и при известных условиях может явиться фактором настоящего экономического рабства» [7].

Таким образом, можно сделать вывод, что новые Правила осуществления электронной торговли лишь конкретизируют общие положения гражданского законодательства о договоре и порядке его заключения к новым организационно-техническим условиям их реализации. В то же время возникают сложности их практической реализации, связанные с необходимостью обеспечения гарантий интересов коммерческих продавцов и покупателей в сфере электронной торговли. Основными договорами, опосредующими процесс электронной торговли, являются договор купли-продажи (что следует из смысла ст. 14 Закона о торговой деятельности) и договор продавца с посредником. Правовая природа такого посредничества еще недостаточно изучена, и, на наш взгляд, речь может идти об особой категории организационных договоров, предметом которого являются услуги, оказываемые в процессе товарного обмена, поэтому продуктом товарно-посреднической деятельности является создаваемая дополнительная полезность благ, которая изначально не содержится в товаре. Тем самым сам переход материальных благ в Интернет-среде оформляется преимущественно договором купли-продажи, зачастую заключаемый в интерактивном режиме и оформляемый в электронно-цифровой форме. Этот высокотехнологичный процесс предполагает стандартизацию существенных договорных условий, поэтому преимущественно представлен договорами присоединения. Как видим, такой, казалось бы, узкий вопрос как заключение договора в сфере электронной торговли выявил множество правовых проблем, требующих дальнейшего специального исследования и дальнейшего совершенствования законодательства.

Список использованных источников

1. Пугинский, Б.И. Гражданско-правовой договор // Вестник Московского ун-та. Серия 11. Право, 2002, № 2, С. 39-40;
2. Приказ и.о. Министра национальной экономики РК от 25 ноября 2015 г. № 720 «Об утверждении Правил осуществления электронной торговли» // <http://online.zakon.kz/>.
3. Закон РК от 12 апреля 2004 г. № 544 «О регулировании торговой деятельности» // <http://online.zakon.kz/>.
4. Гражданское право. Под отв.ред. М.К.Сулейменова, Ю.Г.Басина. Т.1. Учебник для вузов (академический курс) // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id.
5. Типовой закон ЮНСИТРАЛ 1996 г. «Об электронной торговле» // <http://www.uncitral.org/>.
6. Шапп Я. Система германского гражданского права. - М., 2006. С. 292.
7. Покровский И.А. Основные проблемы гражданского права. - М., 2003. С. 261.

УДК 342.4(574)

ЖАСОСПІМДЕРДІН ҚҰҚЫҚТЫҚ, ӘКІМШІЛІК ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ

Оралқанова Диана Айдынкызы
dikosh.97@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің
халықаралық құқық мамандығының 1 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші-Ибрагимов Ж.И.

Қоғамда өмір сүретін адамдардың өздерін ұстау ережелерінің жиынтығын әлеуметтік нормалар дейміз. Әлеуметтік норма құқық пен мораль деген ұғымдар кіреді.

Әлеуметтік нормалардың мемлекеттің пәрменімен заңдастырылған бөлігі құқықты, ал мемлекеттің пәрменімен заңдастырылмаған бөлігі моральды құрайды.

Құқық дегеніміз – мемлекет тарапынан заңдастырылған және қорғалатын, жалпыға бірдей міндетті нормалар жүйесі.

Құқықтың ерекшелігі – оның нормалары бұзылған жағдайда кінәлінің заңды жауапқа тартылатындығын да. Моральдық тәртіпті бұзғаны үшін адам заңды жауапкершілікке тартылмайды, бірақ көпшіліктің назарына ілігеді, айналасына жағымсыз пікір туғызады.

Құқықтық нормалар тек қана заңдардан тұрмайды, басқа да нормативтік құқықтық актілерде де көрсетілген. Президент - нормативтік жарлықтар, Үкімет – нормативтік қаулылар, министрліктер – нормативтік бұйрықтар, жергілікті мемлекеттік органдар - нормативтік шешімдер қабылдайды.

1948 жылы 10 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясын қабылдады. Ол бойынша адам құқығы 3 топқа бөлінеді: табиғи құқық, азаматтық құқық, экономикалық-әлеуметтік, мәдени құқық.

Жастар арасындағы қылмыстың алдын алу мемлекеттің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Жасөспірімдердің және жастардың қылмысы туралы мәселе құқық қорғау жүйесінің ғана емес, сонымен қатар басқа да мемлекеттік ұйымдардың және азаматтық қоғам институттарының үнемі қадағалауын талап ететін басты мәселенің бірі.

Жасөспірімдер арасындағы қылмыс қашанда ұлттық тұтастығымызға, ел болашағына қауіп төндіретін сөзсіз. Жаңадан өркендеп келе жатқан ұрпақтың қылмыстың бұралаң жолдарын таңдауы - дәуір қасіреті. Сотталған жас өспірімдердің көбеюі – қоғам өмірінің келеңсіз жақтарын, халықтың әлеуметтік ахуалының төмен екенін байқатады. Қоғамда не құрылым дені сау, еңбекке жарамды азаматтар көбейген сайын, мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайы да жедел дами бастайды. Бүгінде түрмеде отырған азаматтардың 70 пайызы жас адамдар[1].

Жасөспірімдік жас – сындарлы жастық кезең. Осы кезеңде адам өзінің ішкі жан дүниесіне алғаш рет үңіліп, онда болып жатқан өзгерістерді түсіне бастайды, алайда өзгерістердің себептері түсінікті бола бермейді. Сондықтан да ата-анаға жасөспірімдік жас дағдарысының физиологиялық және психологиялық мәнін сезіне отырып, балаға қолдау мен көмек көрсетуге тура келеді.

11-13 жасқа дейін балаға сыртқы орта маңызды рөл ойнайды. Ол сыртқы ортамен үлкен қызығушылықпен танысады, өзінің қиялы мен эмоциясын қосады. Ал жасөспірімдік дағдарыс кезеңінде бала өзінің жан-дүниесіне назар аудара бастайды, іштегі толқуларына қызығушылықпен қарап, айналасындағы адамдар арасында өз дәрежесі мен өзінің бірегей болмысын білгісі келеді.

Жасөспірімдік жас – барлық салаға өзгерістер әкелумен қатар, денсаулықта да өзгерістер байқалады. Балада физиологиялық, психологиялық өзгерістер орын алады. Осы мәселелер бәрі түйінді проблемаға айналады. Бала үшін ол – ауыр жүк. Алайда жасөспірім осы кезеңнің сынақ уақыты екенін әлі сезбейді. Әлеуметтанушылардың зерттеулері бойынша, әр оныншы бала осы кезеңде өзі-өзіне қол жұмсау туралы ойланады екен. Әр бесіншісі мынадай сөз айтады: «Ештеңе де жақсы емес, үмітім үзілген, жылай бергім келеді». Жалғызсырау сезімі оларға қорқыныш ұялатады[2].

Кәмелетке толмағандар арасында жасалынатын қылмыстардың қоғамға қауіптілігі және жасөспірімдердің дұрыс қалыптасып дамымауы, криминологиялық зерттеудің нәтижесі көрсеткендей, кәмелетке толмағандардың ішімдікке, нашақорлыққа, шылым тартуға және басқа да қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға алып келуде. Нәтижесінде жеткіншектердің арасында әртүрлі жұкпалы аурулар көбейіп кеткен, бұл құбылыс ертеңгі болашағымыз үшін аса қауіпті.

Дұрыс тәрбиеленген адам қарапайым еліктегеннен саналы тәртіпке көшеді, мақсатты әрекетпен айналысуға, сыртқы жағдайлар мен шарттарға белсенді әсер етуге, оларды дұрыс бағалап, нақты әрекет жасауға және оларға тәуелді болмауға мүмкіндік алады. Алайда, кәмелетке толмағандардың сыртқы тәртібін анықтайтын теріс қасиеттердің қалыптасуы тек қана жаман тәрбие мен жаман сыртқы әсер мен қолайсыз мән-жайлардың нәтижесі ғана емес, ол тұлға мен сыртқы ортаның қайшылықты әрекеттестігінің нәтижесі де болады. Мұнда тұлғаның тікелей және жақын айналасы - микроорта және неғұрлым кең мағынадағы орта туралы сөз болып тұр. Қоғам адам психикасының оның барлық идеяларымен, сезімдерімен және тәртібімен бірге қалыптастырады, ал дұрыс тәрбиенің берілмеуі өз кезегінде, әлеуметтік ортаға теріс ықпалын тигізеді.

Кеңес дәуірінде бала тәрбиесінің негізін балабақша, мектеп, әртүрлі қоғамдық ұйымдар атқарса, қоғамның өзгеруіне байланысты негізгі тәрбие жұмысы отбасымен байланысты. Ол жаман да емес, себебі халықтың тәрбие бойынша сәби туғаннан бастап ата-анасының бауырында өссе, бауырмал, иманды, көпшіл ата-анасына мейірімді болып өсуі тиіс, әрине бұл жағдайда отбасының өзінде қоғамға қауіпті теріс қылықтары болмауы керек. Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде жасөспірімдерге камкорлық жасау барлық азаматтардың, мемлекеттік органдардың және қоғамдық ұйымдардың конституциялық міндеттері ретінде қарастырылады. Ежелгі ғалымдар айтқандай, балалар, дұрыс тәрбиелеуге бүкіл халықтың әлеуметтік жағдайы әсер етеді. Егер халықтың әлеуметтік жағдайы төмен болса, ол қылмыстылыққа жамандыққа алып келеді де, кәмелетке толмағандардың қылмыстылығы он есе көбейтілген жамандық түрінен керінеді деген сөз бар.

Кәмелетке толмағандардың құқыққа қарсы тәртібін түсіндіруде тұлғаның қалыптасу сипатына қоғамның дамуындағы қайшылықтар, әлеуметтік жағдайдың әсерін тану шешуші жағдай болып табылады. Саяси, экономикалық, идеологиялық, мәдени-тәрбиелік, демографиялық, әлеуметтік-психологиялық сипаттағы үрдістер мен құбылыстар адам тәртібіне әсер етеді, оның тәртібінің сипаты мен мәнін анықтайды. Аталған үрдістер, қоғамдағы өмір жағдайларын неғұрлым жалпы нысанда анықтай отырып, балалар мен жеткіншектерді оқыту мен тәрбиелеу бойынша олардың жеке тұлғасын қалыптастыру, азаматтардың отбасы мен қоғамдағы тұлғааралық қатынасының сипатына мәнді түрде әсер етеді. Белгілі бір жағдайда олар ауру мен өлім деңгейінің өсуі, ажырасу, айналадағыларға қатыгездікпен қарау, өзін-өзі өлтіру, маскүнемдік, жезөкшелік, есірткіге құмарлық сияқты теріс құбылыстарды тудырады да, олар теріс қылық, соның ішінде, қылмыстық тәртіптің негізінде болатын әлеуметтік факторлар кешеніне кіреді. Нарықтық экономикаға көшу кезеңінде Қазақстанда балалардың дамуы мен тәрбиесіне, денсаулығын қорғауға жеткілікті көңіл бөлінбей отыр. Мемлекет тарапынан бірқатар шаралардың қолданылуына қарамастан, кәмелетке толмағандарға бюджеттен қаржыландыру көлемі, жалпы білім беру мекемелері санының азаюы, жоғары оқу орындарының ақылы негізге ауысуы өз салдарын туғызып жатыр. Экономикадағы дағдарыс жасөспірімдер мүдделеріне кері ықпалын тигізді, олар спорт секцияларына бара алмайды. Нәтижесінде оларда бос уақыт пайда болып, ол криминалдық, жағдайға алып келеді.

Қазіргі таңда мемлекетіміздің, қоғамымыздың негізгі идеологиясы болатын мәселелердің бірі-бұл жастарды дұрыс жолға салып, дұрыс тәлім-тәрбие бағытын дұрыс жеткізе білу. Қазіргі кәмелетке толмағандар арасында түрлі қылмыстардың болып жатқанын да білеміз. Біз осы қылмыстардың алдын алуымыз қажет. Бұл мәселе тек біздің мемлекетімізде ғана емес, бұл дүние жүзілік мәселелердің бірі болып табылады. Қылмыстылық, онымен күресте бүкіл қоғамның күшін талап ететін құбылыс болса, ал қылмысты ескерту – осы күрес нысандарының бірі. Осыған байланысты теория қылмысты ескертуді ең алдымен адамның қоғаммен, адам арасындағы шиеленісті кикілжіңді болдырмас үшін экономикалық, әлеуметтік қатынастармен байланыстырады. Кәмелетке толмағандарға және олардың мүдделеріне қылмыстық қол сұғу оларды әлеуметтендіруге, тәрбиелеуге елеулі қауіп төндіруде. Әрқашан болмаса да кейде жәбірленушілердің

психофизиологиялық ерекшеліктерімен өзара әрекеттестікте мұндай қылмыстар қылмыс жасауға итермелейді.

Алдын алудың тиімді жүргізілуі қоғамда адамдардың өмір деңгейінің бірден-бір көрсеткішін құрайды. Әлеуметтік қызметтің осы түрі неғұрлым нәтижелі болса, соғұрлым адамдар адамзаттың ен байлығына қылмыстық қол сұғушылықтан қорғалған болады. Сөйтіп, қылмыстың алдын алу – кез келген нағыз гуманистік және құқықтық мемлекеттің құрамдас бөлігі. Осыдан келіп туындайтыны, қылмыстың алдын алу жүйесі тек қана қызмет етуі тиіс емес, ол тұрақты түрде жетілдіріле түсуі тиіс. Мұндай жетілдіру демократиялық құқықтық мемлекет құру жалпы үрдісінің негізгі құрамы болуы тиіс. Сонымен қатар ересектердің кәмелетке толмағандарды тәрбиелеудегі қоғамға қауіпті қылықтары өздерінің нысандары мен мазмұны, сондай-ақ кәмелетке толмағанға жасайтын теріс ықпалының дәрежесі жағынан алуан түрлі. Бұл ересек адамдардың мұндай әрекеттері үшін қылмыстық жауаптылықты көтеру мәселесін туындатады. Қылмыстық жауапкершілікті анықтаудың құқықтық нысандары дегеніміз - қылмыстық жауапкершілікті белгілеудің және жеке даралаудың заңдық тәсілі. Кәмелетке толмағандар қылмыстылығының алдын алуды қамтамасыз ету және оның тиімділігін көтеру үшін мыналар қажет: кәмелетке толмағандарды қылмыстылыққа итермелейтін барлық қоғамға қауіпті іс-әрекеттері толықтай заңмен қамтылуы керек; әртүрлі қылмыстылыққа итермелейтін, арандататын, кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу мүддесін бұзатын ықпалдардың қауіптілік деңгейі заңда дұрыс анықталуы керек.

Кәмелетке толмағандарды қылмыстылыққа немесе басқадай қоғамға қайшы әрекеттерге тартқаны үшін ересектердің жауапкершілігі қарастырылған құқықтық нормалар жасөспірімдерді теріс ықпалдан қорғауда маңызды рөл атқарады. Кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу ісіне аса қауіптілік тудыратын жағдайға қылмыс немесе қоғамға қайшы басқадай әрекеттер жасауға қасақана тартуды жатқызамыз. Мемлекетіміздің бүгінгі мен ертеңін өрге бастыра жас жеткіншектер екені баршамызға мәлім. Болашақтың тізгінін ұстайтын олардың алдағы атқарар іс-әрекеттерінің түп тамыры бүгінгі күнмен тығыз байланысты десек, артық айтқандық емес. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін, егемендігін алғаннан бері жастар саясатына аз көңіл бөлмегендігін байқауымызға болады. Көптеген жастар ісі бойынша қоғамдық ұйымдар құрылғандығы тағы да белгілі.

Қылмыстық жазаны жасы толмағандарға қатысты қолданудың ерекшеліктері бар. Олар екі түрлі. Біріншіден, қылмыстық кодексте көрсетілген жазалардың барлық түрлерін жасы кәмелетке толмаған қылмыскерлерге қолдануға болмайды (белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, өлім жазасы). Екіншіден, жасы кәмелетке толмаған қылмыскерлерге қолдануға болатын жазалардың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл ерекшеліктердің негізгі көрсеткіші-жазаны белгілі дәрежеде шектеп қолдану. Ел өмірінің қай кезеңіне көз жіберсек те, балалар тағдыры кімді болса да бейтарап қалдырмай, олар жөніндегі ой қозғар өзекті мәселелерді, аталы қауым еш уақытта аттап өтпеген. Жалпы, елімізде жас балалардың болашағы үшін жағдай жасалуда. Алайда, осы жеткіншектердің бүгінгі мен ертеңін, болашағын аландатар жағдайлар, ара-тұра болса да олардың қолымен жүзеге асып жатқан құқық бұзушылық пен қылмыстар өз көріністерін табууда [3].

Бала құқықтарын көпшілігіміз айрықша әлеуметтік және экономикалық қажеттіліктер ретінде қабылдаймыз. Бұл ретте балалардың азаматтық құқықтары мемлекеттің де, қоғамның да назарынан тыс қалып жатады. Біз балалардың да ересектермен бірдей құқықтар мен бостандықтар жиынтығына ие екенін ұмытып кетіп жатамыз, айырмашылық тек олардың кейбір құқықтарды (мысалы, сайлауға қатысу құқығы) іске асыруы үшін әрекетке қабілеттілігі белгілі бір жастан басталуында. Осыған байланысты Қазақстанда ювенал әділет жүйесін құру проблемасы ерекше мәнділікке ие болып келеді.

Осындай жүйені құру туралы мәселе әр түрлі семинарлар мен конференцияларда бірнеше мәрте көтерілді. Ювенал әділет жүйесін Қазақстанда енгізудің алғашқы қадамы 2001 жылы жасалды, осы жылы «Ювенал әділет Қазақстанда» пилоттық жобасын іске асыру туралы хаттамаға қол қойылды, оған Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Бас

прокуратурасы, Әділет министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Конституциялық және құқықтық саясат институты (Будапешт), СОРОС-Қазақстан қоры қатысты. Осы жобаның мақсаты қылмыс жасауда күдікті немесе айыпты кәмелетке толмағандар үшін мамандандырылған сот төрелігі жүйесін құру болды. Негізгі міндеті – кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық процесс барысында жасөспірімдердің құқықтары мен мүдделерін сақтау үшін заңнама мен халықаралық құқық нормаларын барынша пайдалана отырып, тиісті мемлекеттік органдардың өзара іс қимыл жасауын қамтамасыз ету 2003 жылғы 17 наурызда жоба Алматы облысының Қарасай ауданы мен Алматы қаласының Әуезов ауданында іске асырыла бастады.

Алайда осы жоба кәмелетке толмағандарды құқық қорғау және сот органдарымен байланыстары сатысында ғана қамтиды және бала өмірінің басқа кезеңдерін қозғамайды. Ювенал әділет жүйесі тек кәмелетке толмағандармен тек қылмыстылыққа қарсы күрестің барлық сатыларында: ертерек алдын алу сатысында (отбасы үлгісіндегі балар үйлері, панаханалар, балалар ауылдары, арнаулы тәрбие мекемелері және т.б.); кәмелетке толмаған бала жасаған қылмысты алдын ала тергеуді жүзеге асыру сатысында (тергеушілер, анықтаушылар, адвокаттар, процесте психологтың немесе педагогтың болуы және т.б.); сот талқылауы сатысында (ювенал соттар; отбасылық сот; арнаулы комиссиялар және т.б.) жұмыс жасайтын мамандандырылған органдардың, кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға арналған арнаулы тәрбие мекемелерінің (тәрбие колониялары, реформаторийлер және т.б.) болуын жорамалдайды.

Ювенал әділет жасөспірімдермен қарым-қатынас жасаудың оңалту тәсілдері әмбебаптанып, жасөспірімдер қылмыстылығы тараған сәтте пайда болды. Бұл ретте олар қылмыстар үшін жазалаудың дәстүрлі тәсілдерінің орнына келді. Бұл көшу ойлаудағы белгілі бір өзгеріске байланысты болды, атап айтқанда «қылмыс» ұғымын оның классикалық қылмыстық-құқықтық нұсқасында жасөспірімдердің қатысуымен болған криминалдық жағдайларға жатқызуды тоқтатуымен ұштасты. Сонымен бір уақытта ювенал әділет мамандары жазалау шаралары болып табылмайтын әсер ету тәсілдерін іздестірумен және іс жүзінде қолданумен айналысты.

Ювенал әділетті, кең мағынада, бала құқықтарын қорғаудың кешенді жүйесін қалыптастыру және оның қызметі мақсатында бірлесіп іс-қимыл жасайтын мемлекеттік құрылымдар мен үкіметтік емес ұйымдардың жүйесі деп түсінеміз. Осылайша, ювенал әділет – бұл тек қана қатысушының біреуі бала (кәмелетке толмаған) болып табылатын істер қаралатын, мамандандырылған, ювенал сот емес, сонымен бірге көптеген әлеуметтік қызметтер.

Құрылымдардың барлық осы жиынтығы баламен жұмысты, әсіресе ол қиын өміршең жағдайда болған немесе заңмен қақтығыста болған кезде, әлеуметтік-құқықтық және әлеуметтік-технологиялық нәрлендіруді қамтамасыз етуге тиіс. Ювенал әділет жүйесі оның негізгі және басты міндеті белгілі бір ведомствоның жауапкершілік шекараларын тізбелеу емес, нақты баланың құқықтары мен заңды мүдделерін нақты өміршең жағдайда қорғау болған жағдайда ғана тиімді болады. Баланың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруда БҰҰ Бала құқықтары жөніндегі конвенциясы, Пекин ережелері мен Эр-Рияд қағидаттары, сондай-ақ басқа да халықаралық құқықтық актілер елеулі көмек көрсетуде.

Бүгінгі күні балаға, жасөспірімге көмек көрсету жолында жұмыс жасайтын мемлекеттік құрылымдардың көптігі кәмелетке толмағандардың проблемаларын нақты шешуге жәрдемдеспейді. Оған себеп мемлекеттік органдардың жеке ведомствоаралық тосқауылдарын еңсеруге қабілетсіздігі болып табылады. Тиісінше, мемлекеттік күш-жігердің тиімділігі үшін:

- а) құқық қорғау және сот органдарының назарын балаға қатысты әлеуметтендіруші іс-әрекеттерге баса аударуды;
- б) мемлекеттік органдардың қызметін ведомствоаралық үйлестіру және ақпараттық өзара қамтамасыз етуді;

в) кәмелетке толмаған баланың отбасындағы проблемаларды жою жөніндегі ықтимал шараларды анықтау және қабылдау. Шын мәнінде, әдетте, отбасындағы қолайлылық жасөспірімнің бейәлеуметтік тәртібінің себебі болып табылады;

г) есірткі немесе басқа да психикаға әсер ететін заттарды қолдану тәжірибесі бар кәмелетке толмағандарды нақты әлеуметтік-психологиялық оңалтуды қамтамасыз ете алатын байланыстырушы буынды табу қажет.

Бірінші кезекте, балалардың девиантты мінез-құлқының бастауын отбасының құлдырауынан, тұрғын үйден айрылуынан (ата-аналары пәтерді немесе үйді сатып жіберсе) не қаралуы азаматтық немесе әкімшілік құқыққа жататын өзге де өміршең жағдайдан табуға болады. Осыған байланысты азаматтық немесе әкімшілік процесте қабылданған тиісті шаралар ғана осы бала сотталушы ретінде қылмыстық процесте пайда болмайтындай жағдайларды жасай алады.

Бала құқықтарының сот жүйесін қоса алғандағы мемлекеттік жүйенің іс-әрекеттеріндегі мәнділік БҰҰ Бала құқықтары туралы конвенциясының

3-бабында айқындалған және осы халықаралық актінің негіз қалаушы қағидаты болып табылады.

БҰҰ Бала құқықтары жөніндегі комитеті өзінің Қазақстанға берген Ұсынымдарының 66-тармағында: «Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі сот төрелігі жүйесіне тартылғандарды, қажетті білім берумен қоса оңалтуға және әлеуметтік қайта кіріктіруге жәрдемдесу үшін тиісті шараларды қолдану қажет».

Осы жүйе үшін бүгінгі күні ішкі істер, әділет, білім министрліктерінің ведомстволық нормативтік актілеріне, сондай-ақ әкімшілік, қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық атқару заңнамасына сәйкес қолданылатын іс жүргізу нормаларынан өзге, неғұрлым ізгі нормалар қажет. Оны құру кезінде негіз қалаушы қағидат Бала құқықтары туралы конвенцияның 3-бабының қағидасы болып табылады, оған сәйкес мемлекеттік, жеке мекемелердің, соттың, әкімшілік және заң шығару органдарының кәмелетке толмағандарға қатысты қабылдайтын барлық іс-қимылдарында олардың мүдделерін қорғауға бірінші кезекті көңіл бөлінуге тиіс.

Балалар жағдайының әр түрлі аспектілеріне қатысты мәселелер құзыретіне кіретін билік құрылымдарының болуымен қатар балалардың жағдайына және олардың құқықтарының сақталуына тәуелсіз бақылау тетіктерін жасау және олардың қызметін белсенді ету қажет. Балалардың құқықтарының сақталуына тәуелсіз бақылау жасау нысандарының бірі бала құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымының мекемесі болып табылады[4].

Жасөспірімнің алып-ұшпа саналатын өтпелі кезеңінде не нәрсеге болсын еліктегіш келетінін жан –жақты зерттеген ғалым Т.М. Якобсон болатын. Ол бұл жаста жасөспірімдердің қылмыстық әрекетке тез еріп кетуі оның еліктеу деңгейімен байланысты деп айтады.

Ересек қылмыскерлерге қарағанда, қылмыскер жасөспірімдер қоршаған әлеуметтік ортамен тығыз байланыста болады. А.И.Долгова және В.Д. Ерланова секілді ғалымдардың пікірінше, қылмысқа барған жасөспірімдер үшін ортаның рөлі өте зор болады деп көрсеткен. Қазақстан Республикасы территориясында кәмелетке жасы толмаған жасөспірімдердің қылмысына арнайы жүргізілген санақ олардың қылмысы азаймай отырғанын хабардар етті. Нақты жүргізілген талдаулар жасы толмаған жасөспірімдер қылмысының криминогендік жақтарын ашуға көмектеседі.

Біріншіден, Қазақстан Республикасы бұрынғы Кеңес үкіметі құрамында болған кезде де, жылдар бойы статистикалық бақылау жүргізуін тоқтатпады. Сол кез бойына жасы толмағандар қылмысының өсуі жоғарылығымен ерекшеленеді, оның өсуі бір бес жылда орташа 14-17 пайызға жеткендігін көрсетті.

Екіншіден, 1995 жылдан бастап, жасы толмаған жасөспірімдер қылмысының өсуі бір жерде азайғанын көрсетсе, екінші жерде көбейгенін дәлелдей түскендей.

Үшіншіден, жасы толмаған жасөспірімдер қылмысы бір кездері олардың кейбір ауыр түрлеріне қарамастан асып түсті.

Төртіншіден, жасы толмаған жасөспірімдер қылмысы көбінесе, толық есепке алынбайды. Сарапшы мамандардың баға беруіне қарағанда көптеген қылмыстар ашылмайды немесе тіркеудің дұрыс жүргізілмеуі салдарынан жасөспірімдер қылмысқа жеңіл-желпі қарап, келесі қылмысқа оп оңай қадам басады[5].

Қылмыс жасаған жасөспірімдердің ата-анасы немесе заңды өкілі баласының қылмыс жасауға жол бергені үшін төмендегідей әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылады. ҚР Қылмыстық кодексінің 137-бабына сай, кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау тиісті жауапкершілікке әкеп соқтырады. Атап айтқанда, кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді ата-анасының немесе өзіне осы міндеттер жүктелген өзге адамның, сол сияқты кәмелетке толмаған баланы қадағалауды жүзеге асыруға міндетті педагогтің, оқу, тәрбие беру, емдеу немесе өзге мекеменің басқа қызметкерінің орындамауы, тиісті дәрежеде орындамауы, егер бұл әрекет кәмелетке толмаған балаға қатал қараумен ұштасса — елу айлық есептік көрсеткіштен жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, сондай-ақ, жүз сағаттан екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру жазасы қарастырылады. Кей жағдайда екі жыл мерзімге дейін бас бостандығын шектеуге жазаланады.

Сонымен қатар, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 111-бабына сәйкес, ата-аналардың немесе басқа да заңды өкілдерінің балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамауына байланысты төмендегідей әкімшілік жауапкершілікке тарту да қарастырылған:

1. Ата-аналардың немесе басқа да заңды өкілдерінің кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі міндеттерді дәлелді себептерсіз орындамауы — айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде аталған, кәмелетке толмағандардың алкогольдік ішімдіктерді, есірткі құралдарын және психотроптық заттарды ұдайы қолдануына, не қаңғыбастықпен немесе қайыршылықпен айналысуына әкеп соққан іс-әрекеттер, сол сияқты олардың қылмыс немесе қасақана әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттер жасауы — ата-аналарға немесе басқа да заңды өкілдеріне жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Бала қылмыстық жауапкершілікке қай жастан бастап тартылады? Қылмыс жасаған кезде 16 жасқа толған адам қылмыстық жауапқа тартылады. Кейбір қылмыстар бойынша жасөспірімдердің жауапкершілігі 14 жастан көзделген. Атап айтқанда, кісі өлтіргені, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіргені, қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіргені, зорлағаны, ұрлық, тонау, қарақшылық, қорқытып алғаны, автокөлікті немесе көлік құралын заңсыз иемденуі, бұзақылық және басқа да қылмыстар жасағаны үшін 14 жасқа толғандар жауапкершілікке тартылады[6].

БҰҰ-ның Конвенциясы келісімі бойынша, әр балалар (кәмелетке толмаған) он сегізге дейін бір тұлға болып саналады. Қазақстан Республикасының заңнамасы анықтайды, жасы он сегізге келмеген балалар кәмелет жасына толмаған болып есептеледі. «Неке және отбасы» заңының 52-бабында, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 17-бабында және т. б.). Мектеп оқушылары арасында 14–17 жастағы (8–11 сыныпта) оқитын оқушылардан анкета әдістемесін өткіздім. Тек қана қатысып қоймай, зерттеуге де қатыстым. Салыстырмалы ішінара құрам 68 адамды құрады. Бірінші сұрақ: «Әке-шешенізбен жиі сіз араласасыз ба?» 25 пайыз жауабы «сирек», 10,2 пайыз — «мүлдем». Біздің тексеріс бойынша ата-аналарының балаларына мәселелеріне қатысты мынандай шешімдер:

1. кәмелетке толмағандардың жарты көпшілігі бір күндерін өздеріне арнаған, ал ата-аналары балаларының не істеп қойып жүргендеріне ешқандай ақпараттары жоқ;
2. негізінен әр отбасыда баланың мінез-құлығы отбасына байланысты;

3. көпшілік ата-аналардың балаларының іс-әрекеттеріне көңілдерін бөлмейді және бұған қатысты даладағы көрініс деп өздерінің қол бастығын түсінбейді;
4. көбісі ата-аналардың балаларының тәрбиесімен айналысу керек;
5. сынып жетекшісі, мектеп психологы, әлеуметтік мұғалім.

Басым көпшілік ата-аналар, олардың балалары нашақор, маскүнем, қылмыскер болып кетеді деп ойламайды. Олардың тағдырына басым көпшілігі көшелік немесе аулалық ортаның бұзақы балалары кінәлі деп ойлайды. Қазақстан Республикасында кәмелетке толмаған жасөспірімдер үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті 16 жастан жауапқа тартылады, жеке жағдайларда, қылмыстық жауапкершілікке қатысты 14 жастағы қылмыс жасаған болып есептеледі. Қылмыс жасаған кезде он төрт жасқа толған адамдар адам өлтіргені (96-бап), денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіргені (103-бап), ауырлататын мән-жайлар кезінде денсаулыққа қасақана орташа ауырлықтағы зиян келтіргені (104-бап, екінші бөлік), зорлағаны (120-бап), нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану іс-әрекеттері (121-бап), адам ұрлағаны (125-бап), ұрлық жасағаны (175-бап, екінші, үшінші бөліктер), тонаушылық (178-бап, екінші, үшінші бөліктер), қарақшылық жасағаны (179-бап), қорқытып алушылық (181-бап, екінші, үшінші бөліктер), ауырлататын мән-жайлар кезінде автомобильді немесе өзге де көлік құралын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иеленгені (185-бап, екінші, үшінші, төртінші бөліктер), ауырлататын мән-жайлар кезінде мүлікті қасақана жойғаны немесе бүлдіргені (187-бап, екінші, үшінші бөліктер), терроризм актісі (233-бап), адамды кепілге алғаны (234-бап), терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабарлағаны (242-бап), қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттар мен жару құрылғыларын ұрлағаны не қорқытып алғаны (255-бап), ауырлататын мән-жайлар кезінде бұзақылық жасағаны (257-бап, екінші, үшінші бөліктер), тағылық (258-бап), есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды ұрлағаны не қорқытып алғаны (260-бап), ауырлататын мән-жайлар кезінде өлгендердің мәйіттерін және олар жерленген жерлерді қорлағаны (275-бап, екінші бөлік), көлік құралдарын немесе қатынас жолдарын қасақана жарамсыздыққа келтіргені (299-бап) үшін қылмыстық жауаптылыққа тартуға жатады[7].

Әкімшілік жауапкершілік – бұл әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаға өкілетті органның (лауазымды тұлғаның) қолданатын әкімшілік жаза түріндегі әкімшілік мәжбүрлеу.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кінәлі адамға өкілетті мемлекеттік органдар әкімшілік жауапкершілік түрінде мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолданады. Әкімшілік жауапкершілікті сот және Парламент, Президент, Үкімет, заңды негізде мемлекеттік жергілікті өкілді және атқарушы органдарда белгілеуге құқылы. Әкімшілік жауапкершілікті реттейтін негізгі нормативті-құқықтық акт — ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі (2001 жылы 30 қаңтарда қабылданған). Әкімшілік жауапкершілікке мынадай белгілер тән:

- 1) құқықтық тәртіпті бұздан қорғау құралы болып табылады;
- 2) әкімшілік жауапкершілікті заңдар, заң күшіндегі актілер немесе олардың әкімшілік құқық бұзушылық туралы нормалары белгілейді;
- 3) әкімшілік жауапкершіліктің негізі — әкімшілік құқық бұзушылық;
- 4) әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жаза қарастырылған;
- 5) әкімшілік жазаны мемлекеттік басқару органдары және олардың лауазымды тұлғалары өздеріне бағынышты емес құқық бұзушыларға қолданады;
- 6) әкімшілік жазаны қолданғанда бас бостандығынан айырлмайды және жұмыстан шығару негізі болып табылмайды;
- 7) әкімшілік жауапкершілік шараларын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша реттейтін заңға сәйкес қолданады.

Әкімшілік жауапкершілікке әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде 16 жасқа толған тұлғалар тартылады.

Кәмелетке толмағандардың әкімшілік — құқықтық жауапкершілікке тартылуы. 16 жастан 18 жасқа дейінгі әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаларға кәмелетке толмағандардың істері бойынша Комиссия туралы жағдаймен қарастырылған шаралар

қолданылады. Қазіргі уақытта Қазақстан кәмелетке жасы толмағандардың құқық бұзушылықтарын қарау үшін Ювеналдық юстиция енгізілі отыр[8].

ҚР жаңа Қылмыстық Кодексінің 80-бабына сәйкес кәмелетке жасы толмағандар келесі қылмыстық істерді адам өлтіру, қасақана денсаулығына ауыр зиян келтіру, зорлау, бұзақылық жасау, ұрлық, тонау, шабуылдау, алаяқтық, лаңкестік, лаңкестік жайлы жалған хабарлама жасағандар, вандализм, қаза болған адамдардың мүрдесі мен олар жерленген жерлерді қорлағаны үшін 14 жастан қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Сонымен қатар ҚР Қылмыстық Кодексінің 140-бабы бойынша ата-аналары немесе өзіне осы міндет жүктелген адам, сол сияқты педагогтың немесе оқу орындарының басқа қызметкерлері кәмелетке толмағандарды тәрбиелеуде өз міндеттерін орындамағанда, кәмелетке толмаған жасөспірімдер алкогольдік ішімдіктерді, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынуына не қаңғыбастықпен немесе қайыршылықпен айналысуына, оның қылмыс, қасақана әкімшілік құқықбұзушылық бегілері бар іс-әрекеттер жасауына жол берсе, оларға қылмыстық жауапкершілік қаралған.

Сондай-ақ, ҚР-ның жаңа Кодексіне орай әкімшілік құқықбұзушылық орын алғанда кәмелетке толмағандардың ата-аналары немесе басқа заңды өкілдері әкімшілік жауапқа тартылады.

Кодекстің 127-бабында кәмелетке толмағандардың тәрбиесі мен білім алуына жағдай жасауда өз міндеттерін дұрыс орындамағандары үшін олардың ата-аналары немесе басқа заңды өкілдеріне 7айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады.

Кодекстің 132-бабы кәмелетке толмағандардың түнгі уақыттарда (түнгі 22-00 – таңғы 6-00-ге дейін) көңіл көтеретін орындарда болуына мүмкіндік бергені үшін кіші және орта кәсіпкерлерге 30 және 45 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады.

Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз (сағат 22-ден таңғы 6-ға дейін) ойын-сауық мекемелерінде болуы заңды өкілдеріне үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз тұрғынжайдан тыс жерде (сағат 23-тен таңғы 6-ға дейін) болуы заңды өкілдеріне ескерту жасауға әкеп соғады. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер заңды өкілдеріне он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады (ҚР-ның Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 442-бабы).

ҚР-ның Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 440-бабы бойынша кәмелетке толмағандардың қоғамдық орындарда алкогольдік ішімдіктерді ішуі, масаң күйде келуі ата-анасына 5 айлық есептік көрсеткіш әкімшілік айыппұл салынады.

Тағы бір айта кетер жайт, кәмелетке толмағандардың ата-анасына баласының ұсақ бұзақылық жасағаны (жеке адамдарды қорлайтын әрекеттер, қоғамдық орындарды ластағаны және коммуналдық қалдықтарды тастағаны үшін), арнайы қызмет көрсету орындарына жалған шақырғандары үшін 7 және 15 айлық есептік көрсеткіш әкімшілік айыппұл салынады[9].

Қорыта келе, «Қазақстан Республикасының балалар құқығын қорғау туралы» ҚР Заңдарының талаптарына сәйкес (Заңның 20, 24, 48 және 50 бабтары) әрбір бала ҚР Заңдары мен Конституциясын сақтауға, басқалардың құқығын, ар – намысын құрметтеуге, ата-аналары жұмысқа жарамсыз болған жағдайда қамқор болуға, Республиканың мемлекеттік нышандарын, тарихи және мәдени мұраларды қорғап, тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтауға, табиғатты қорғап, табиғи байлықтарға жауапкершілікпен қарауға міндетті. Өз кезегінде ата-аналар немесе заңды өкілдері қабілеті мен қаражаттық мүмкіндігіне орай баланың өмір сүруіне және жан – жақты дамуына жағдай жасаулары тиіс. Ата – аналар баланы тәрбиелеуге, оларға қамқорлық жасауға, материалдық жағдайы, тұрғын үймен қамтамасыз етуге, Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жауапкершілігіне алуға міндетті. Заңға қайшы, құқықбұзушылық жасаған бала ҚР заңына сәйкес жауап береді. 2015 жылы Кентау қалалық Ішкі істер бөлімінде 3 кәмелетке толмағандарға 3 қылмыстық іс

қозғалды. Соның ішінде 2 қылмыстық іс ұялы телефон мен ақша тартып алу, 1 қылмыстық іс мал ұрлау деректері.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 <http://bilimsite.kz> білімділер сайтының «Жасөспірімдердің қылмыстық жауапкершілігі» атты мақаласы.
- 2 <http://sabaqtar.kz> Республикалық әдістемелік сайты.
- 3 Д.Ш. Исмаилованың «Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығына ересектердің әсері және оның алдын алу» атты мақаласы, <http://group-global.org/kk/publication/4873-kmeletke-tolmagandardyn-kukyk-buzushylygyna-eresekterdin-seri-zhne-onyn-aldyn-alu> сайты.
- 4 http://www.ombudsman.kz/kz/publish/docs/doklad_spec/detail_2.php?ID=1388 Бала құқықтарын қорғау жөніндегі портал.
- 5 <http://bigox.kz/kylmyska-bargan-zhasospirimderdin-kylmyska-baruynyn-sebepteri-zhane-oganaser-etetin-zhagdajlar/> сайты.
- 6 <http://kz.otyrar.kz/2012/09/bala%D2%A3yz-%D2%9Bylmys-zhasasa/> электронды газеті, «Балаңыз қылмыс жасаса...» мақаласы.
- 7 <http://kazorta.org/k-meletke-tolma-andardy-ylmysty-zhauapkershiligi/> Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі мақаласы.
- 8 <http://1referat.kz/aleumettanu-sayasattanu/akimshilik-zhauapkershilik.html> сайты. Әкімшілік жауапкершілік.
- 9 <http://pravstat.prokuror.kz/> ресми сайты. Жасөспірім мен ата-ана: Жауапкершіліктің жүгі кімде? атты Басқарманың Кентау қаласы бойынша статистик-бас маманы Қ.Саховтың мақаласы.

УДК 342.4(574)

ЮРИДИЧЕСКОЕ ВЫСШЕЕ ОБРАЗОВАНИЕ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ

Оралканова Инабат

inabat12@mail.ru

Студентка 1 курса Евразийского Национального Университета имени Л.Н. Гумилева по специальности юриспруденция, Астана, Казахстан
Научный руководитель- Алтынбасов Б.О

Образование— процесс усвоения знаний, обучение, просвещение. В широком смысле слова, образование— процесс или продукт «формирования ума, характера и физических способностей личности».

Высшее образование-совокупность систематизированных знаний и практических навыков, позволяющих решать теоретические и практические задачи по профилю подготовки, используя и творчески развивая современные достижения науки, техники и культуры. Под термином «ВО.» понимается также подготовка специалистов высшей квалификации для отраслей экономики, науки, техники и культуры в различного типа высших школах, в которые принимаются лица, успешно окончившие средние общеобразовательные школы или средние специальные учебные заведения [1].

Особую важность для государства имеет развитие высшего образования. Мир развивается в направлении становления общества и экономики знаний. В такой экономике все граждане, способные получить высшее образование неизбежно должны будут к этому стремиться, чтобы обеспечить свою конкурентоспособность на рынке труда. Администрация США и правительство Японии уже сейчас ставят вопрос о переходе в обозримом будущем к всеобщему высшему образованию, как минимум, на уровне бакалавриата. Инвестиции в